

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданы білім бөлімінің «Жұпар» бөбекжайы» КМҚК педагогикалық кеңесінің
№4 ХАТТАМАСЫ

Амангелді ауылы
Қатысты: 14 педагог.

28.05.2025 жыл

Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балаларды робота техникаға баулу

Мақсаты:

Күн тәртібі:

1. Кіріспе сөз – әдіскер
2. «Менің болашақ әлемім» көрмесінің таныстырылымы
3. Балалар мен ата-аналардың жобаларын көрсету
4. Қатысушылардың пікірлері мен ұсыныстары
5. Қорытынды

1. Кіріспе сөз:

Әдіскер [аты-жөні] іс-шараны ашып, көрменің мақсаты мен маңыздылығын атап өтті.

Робототехника – болашақтың тілі екенін, балабақша деңгейінде логикалық ойлау, қарапайым механизмдермен танысу арқылы балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға болатынын айтты.

2. Көрме таныстырылымы:

«Менің болашақ әлемім» атты көрме аясында балалар мен тәрбиешілер бірлесіп құрастырған:

- Қарапайым роботтар модельдері
- Лего құрылымдары
- Жарықпен, дыбыспен жұмыс істейтін механизмдер
- Болашақ қаласы, көлігі, ақылды үй макеттері ұсынылды.

3. Балалар мен ата-аналардың жобалары:

Балалар өз жобаларын таныстырып, қандай бөлшектерден құрастырғандарын, не үшін солай жасағандарын түсіндірді. Ата-аналармен бірлескен жұмыстар ерекше қызығушылық тудырды. Жобаларда шығармашылық, техникалық ойлау, болашақты елестету элементтері көрініс тапты.

4. Қатысушылардың пікірлері мен ұсыныстары:

- Достанбаева Қаршыға: Осындай көрмелер балалардың технологияға деген қызығушылығын арттырады.
- Каденова Гульнур: Үйде де балаға техникалық шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау керектігін айтты.
- Әдіскер Хамитбекова Ұлмекен: Келешекте балаларға арналған қарапайым робототехника үйірмесін ашу ұсынылды.

5. Қорытынды:

1. Көрме өз мақсатына жетті, балалардың шығармашылық қабілеттері мен технологияға деген қызығушылығы байқалды.
2. Робототехника элементтерін оқу-тәрбие үдерісіне біртіндеп енгізу ұсынылды.
3. Ата-аналармен бірлескен жұмыстарды жандандыру қажеттілігі айтылды.
4. Балалар шығармашылығына арналған жыл сайынғы техникалық көрме дәстүрлі түрде өткізілуі тиіс.

ШЕШІМ

1. «Менің болашақ әлемім» көрмесі аясында балалардың шығармашылық және техникалық ойлау қабілеттерін дамытудағы жетістіктер оң бағаланды.
2. Балалардың техникалық сауаттылығын арттыру мақсатында қарапайым робототехникаға бағытталған үйірме немесе шығармашылық бұрыш ашу қолға алынсын.

3. Ата-аналардың балалармен бірлесіп жасаған жобалары жоғары бағаланып, алдағы уақытта ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарын күшейту ұсынылды.
4. Мұндай көрмелерді жыл сайын өткізу жоспарға енгізіліп, тәрбиешілерге тәжірибе алмасу мақсатында шеберлік сағаттар, семинарлар ұйымдастыру ұсынылды.
5. Тәрбиешілерге балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамытуға бағытталған техникалық ойыншықтар мен құрал-жабдықтар тізімі жасақталып, әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету ұсынылсын.

Кеңес шешіміне келісемін-14

Қалыс қалған _____

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



А.Е.Орымбаева

Ү.М.Үйсінбайқызы